

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
«Қазақстан Республикасы Ұлттық музей» РМҚК қызметіндегі  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша  
талдамалы анықтама**

**Кіріспе бөлім**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау объектісі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музей» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау үшін Кәсіпорында жұмыс тобы келесі құрамда құрылды:

**Жұмыс тобының жетекшісі:**

А.К. Сатубалдин - Директордың қор қызметі жөніндегі орынбасары.

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Ж.Е. Алькенова - Құқықтық қамтамасыз ету қызметі басшысының м.а.;

Р.М. Мукатаева - Қаржылық қамтамасыз ету қызметі басшысының м.а.;

Т.М. Ибрагимов. - Құқықтық қамтамасыз ету қызметінің Заң бөлімінің жетекшісі;

Т.Д. Бексеитов - Көрме жұмыстарын ұйымдастыру қызметінің Ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің жетекшісі.

**Жұмыс тобының хатшысы:**

А.Т. Сайын - Құқықтық қамтамасыз ету қызметінің Заң бөлімінің заңгер ж/д маманы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі: 2021 жылғы 12 қазаннан 12 қарашаға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2020-2021 жылдар.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні: Қазақстан Республикасының музейлік құндылықтарын жинау, анықтау, мемлекеттік есепке алу, зерттеу, консервациялау, қайта қалпына келтіру, сақтау және тарихи-мәдени мұраларын көпшілікке тарату үрдістеріне материалдық-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, музей ісі саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, мәдени-ағартушылық қызметі, Музей қызметі нәтижелерін насихаттау және тарату, археологиялық экспедициялар мен ғылыми іссапарларды ұйымдастыру, көрмелер мен музей экспозицияларын ұйымдастыру және өткізу, музей қорлары негізінде шетелдерде көрмелер өткізу, сол сияқты шетелдердің көрмелерін қабылдап өткізу болып табылады.

**Сипаттама бөлігі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде жұмыс тобы:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын;

4) өзге де құқықтық актілерді басшылыққа алды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңдері:

- 1) талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және қорыту;
- 2) талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан талдау;

3) талдамалық анықтаманы дайындау және оған қол қою болып табылады.

**Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан талдау.**

Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау келесіні көрсетті:

Кәсіпорын қызметін реттейтін 21 ішкі нормативтік құжат бекітілді, оның ішінде:

1. Негізгі - 10 құжат:

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК жарғысы;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК 2020-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы;

– Ұжымдық шарт;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК кәсіби этика кодексі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК ғимаратындағы өткізу және объектішілік режим туралы ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК-да құжаттама жүргізу және құжаттаманы басқару қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісім комиссиясы туралы ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК қызметкерлеріне сыйлықақы, үстемеақы беру, қосымша ақы төлеу және материалдық көмек көрсету туралы ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК тәртіптік комиссиясы туралы ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК-не өртке қарсы режимі, оның өрт қауіптілігіне сәйкес келетін нұсқаулығы.

2. Қаржыны басқару бойынша - 3 құжат:

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК есепке алу саясаты;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК тауарлық-материалдық құндылықтарды және негізгі құралдарды есептен шығару ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК Қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясы туралы ережесі.

3. Өндірістік үдерістерді, персоналды және әлеуметтік қамтамасыз етуді басқару бойынша - 8 құжат:

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК еңбек тәртібінің қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК ұйымдық құрылымы;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК штаттық кестесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы ережесі;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК-да уақытша көрмелерді ұйымдастыру кезіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК талап-арыз жұмысының қағидаларын бекіту туралы;

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты»РММ сараптау-тексеру комиссиясының хаттамасымен келісілген 2021 жылға арналған істер номенклатурасы;

**Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мынадай мәселелерді қамтиды:**

### **1) ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ**

Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кәсіпорында бос лауазымдар болған жағдайда, бос жұмыс орны туралы хабарландыруды (лауазымның атауы, еңбек жағдайлары, біліктілік талаптары, лауазымдық міндеттері) жұмыс іздеу және персоналды іріктеуге жәрдемдесу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң болып табылатын электрондық еңбек биржасы порталында (enbek.kz), сондай-ақ Кәсіпорынның ресми сайтында (kazmuseum.com) орналастырылады.

Көрсетілген әрекеттермен Кәсіпорын кандидаттардың бос лауазымдарға еркін және кедергісіз қол жеткізуіне жағдай жасайды. Бос орынның болуы, еңбек жағдайлары, біліктілік талаптарының болмауы туралы ақпаратты орналастырмау немесе толық орналастырмау фактілері анықталған жоқ.

2020-2021 жылдары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік, жоғары немесе кәсіптік және техникалық білімінің болуын растайтын құжаттар тексерілді.

Қылмыстық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін сотталғандығы немесе жойылмаған сотталғандығы бар кәсіпорын қызметкерлері туралы деректер анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге сәйкес жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) немесе жекжатымен бір жұмысқа жол беру фактілері анықталған жоқ. Сондай-ақ лауазымды тұлға үшін қолданыстағы заңнамамен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу (оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру) фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерді өзге лауазымдарға ауыстыру, сондай-ақ лауазымын жоғарылату, көрсетілген қызметкердің ауыстырылатын немесе жоғарылайтын лауазымға біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 38, 41-44-баптарында белгіленген талаптарға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады. 2020-2021 жылдары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде лауазымға негізсіз ауыстыру және жоғарылату фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы және көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы. Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесімен (бұдан әрі – Еңбекке ақы төлеу жүйесі) белгіленген тәртіппен қалыптастырылады. Кәсіпорынның бос жұмыс орындарының жалақысы туралы ақпарат электрондық еңбек биржасының порталында (enbek.kz) және Кәсіпорынның ресми сайтында (kazmuseum.com) орналастырылады.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, Кәсіпорынның лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу. Кәсіпорын қызметкерлерін сыйлықақы, қосымша ақы және үстемеақы түрінде көтермелеу Еңбекке ақы төлеу жүйесінде және Кәсіпорынның қызметкерлеріне сыйлықақы беру, үстемеақы, қосымша ақы төлеу және материалдық көмек көрсету туралы ережесінде белгіленген жағдайларда, тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.

Көрсетілген Ережеге сәйкес кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне сыйлықақы беру Қазақстан Республикасының ұлттық және/немесе мемлекеттік мерекелеріне және/немесе Кәсіпорынның кәсіби мерекелеріне (Халықаралық музейлер күні, Мәдениет және өнер қызметкерлері күні) орай жүзеге асырылады. Қызметкер қызметінің нәтижелерін сипаттайтын, оған сыйлықақы беруге құқық беретін негізгі көрсеткіштер, сондай-ақ кәсіпорын директорына не директордың міндетін атқарушы тұлғаға қызметкерді сыйақыдан айыруға құқық беретін негізгі бұзушылықтар Ережеде көрсетілген.

Көрсетілген Ережеге сәйкес Кәсіпорын қызметкерлеріне қосымша ақылар мен үстемеақылар мәселелерін, құрамы кәсіпорын директорының немесе директордың міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілетін үстемеақылар мен қосымша ақыларды белгілеу жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді. Лауазымдық жалақыға қосымша ақылар мен үстемеақыларды белгілеу шарттары, сондай-ақ үстемеақылар мен қосымша ақылардың тізбесі, мөлшері Ережеде көрсетілген.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комиссия қосымша ақылар мен үстемеақылар мәселелері бойынша 12 отырыс өткізді (барлығы бойынша хаттамалар ресімделді).

2021 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша Комиссия қосымша ақылар мен үстемеақылар мәселелері бойынша 10 отырыс өткізді (барлығы бойынша хаттамалар ресімделді).

Жұмыскерлерді көтермелеу Кәсіпорынның негізгі қызметіне (негізгі қызметіне) нұқсан келтірмей, материалдық ынталандыруға жұмсалуды мүмкін бос ақша қаражаты болған кезде ғана жүзеге асырылады.

2020-2021 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде қызметкерлерді жұмыс нәтижелеріне қарамастан кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының қарауына көтермелеу фактілері анықталған жоқ.

Тәртіптік практиканы талдау барысында, кәсіпорында тұрақты негізде тәртіптік комиссия жұмыс істейтіні анықталды, оның шешімдері Кәсіпорынның тәртіптік комиссиясы туралы Ережеге сәйкес алқалы түрде қабылданады және ұсынымдық сипатта болады. Қызметкерге тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын Кәсіпорынның директоры не оның міндетін атқарушы адам қолданады.

Талдау барысында 2020-2021 жылдары 13 қызметкерге тәртіптік жауапкершілік жүктелгені анықталды. Оның ішінде 9 «ескерту», 4 «сөгіс».

2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде тым қысқа мерзімде алып тасталған тәртіптік жаза фактілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын бұзған немесе бұзуға жол берген қызметкерлерге тәртіптік сипаттағы шаралардың қолданылмауы анықталған жоқ.

Талдау кезінде Кәсіпорынның штат саны 462 бірлікті құрайды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша штат саны 462 бірлікті құрады, оның ішінде штаттық қызметкерлер – 430 бірлік, бос орындар-32 бірлік.

Кадрлардың тұрақтамауын талдау барысында, 2020 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде 227 еңбек шарты жасалғанын, 87 еңбек шарты бұзылғанын, жұмыскердің бастамасы бойынша шарттар бұзылмағаны белгілі болды.

Аталған 2020 жылы кадрлардың тұрақтамауы (тұрақсыздығы) 18% - ды құрады.

2021 жылғы 12 қарашадағы жағдай бойынша штат саны – 462 бірлікті құрайды, оның ішінде штаттық қызметкерлер - 430 бірлік, бос орындар - 32 бірлік. 106 еңбек шарты жасалды, 90 еңбек шарты бұзылды, оның ішінде тараптардың келісімі бойынша-90, қызметкердің бастамасы бойынша -0.

Аталған 2021 жылы кадрлардың тұрақтамауы (тұрақсыздығы) 19% - ды құрады.

Кәсіпорын кадрларының тұрақсыздығының негізгі себептерінің бірі-жұмыскерлердің төмен жалақысы, уақытша жұмыскерлер (уақытша болмаған жұмыскерлерді алмастыру кезеңіне еңбек шартын жасасу), сондай-ақ жұмыскерлерді басқа жұмысқа ауыстыру бастамасы болып табылады.

Кәсіпорын қызметкерлерінің төмен жалақысының себептерін талдау келесіні көрсетті. Еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне қарай олардың лауазымдық айлықақысын есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді, берілген біліктілік разрядтарын

(жұмысшылар үшін) базалық лауазымдық айлықақы мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады.

2004 жылдан бастап базалық лауазымдық жалақы 17 697 теңгені құрайды. 2021 жылғы Еңбекке ақы төлеу жүйесіндегі өзгерістер мен толықтыруларға базалық лауазымдық жалақының сомасы өзгеріссіз қалды.

Жұмыс өтілі бір жылға дейінгі Кәсіпорынның D блогы қосалқы персоналының (музей қараушылары, дспетчерлер және өзге де техникалық орындаушылар) лауазымдарын сыныптау коэффициенті 2,94 құрайды. Тиісінше жұмыс өтілі бір жылға дейінгі D блогы қосалқы персоналдың лауазымдық жалақысы келесідей есептен құрастырылады:  $2,94 * 17\ 697 = 52\ 029$  теңге.

Жұмыс өтілі бір жылға дейінгі Кәсіпорынның С-2 блогының әкімшілік персоналының (заңгерлер, экономистер, инженерлер, бухгалтерия, блоктар менеджері және әкімшілік функцияларды орындайтын өзге де лауазымдар) лауазымдарын сыныптау коэффициенті 4,10 құрайды. Тиісінше жұмыс өтілі бір жылға дейінгі С-2 блогының әкімшілік персоналдың лауазымдық жалақысы келесідей есептен құрастырылады:  $4,10 * 17\ 697 = 72\ 557$  теңге.

Кәсіпорын жұмысшыларының лауазымдық айлықақыларын есептеуге арналған коэффициенттер (киім ілуші жүргізуші және біліктілік разряды берілген өзге де лауазымдар) біліктілік разрядына қарай (1-ден 8-ге дейін) 2,77-ден 3,06-ға дейін құрайды. Тиісінше, бірінші санаттағы Кәсіпорын жұмысшыларының лауазымдық жалақысы келесідей есептен құрастырылады:  $2,77 * 17\ 697 = 49\ 020$  теңге.

Аталған лауазымдық жалақылардың есептеулері міндетті салықты ұстаусыз көрсетілген (зейнетақы салығы, табыс салығы және т.б.).

Жоғарыда айтылғандардан келіп шығатыны, 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 17 697 теңге мөлшеріндегі базалық лауазымдық жалақы өзгеріссіз қалды, ал лауазымдық жалақыларды есептеу үшін коэффициенттер ұлғайған.

Егер 2014 жылғы жағдай бойынша D блогы қосалқы персоналының лауазымдық жалақысын (25 306 теңге), сондай-ақ бүгінгі күннің лауазымдық жалақысын (52 029 теңге) алатын болсақ, онда соңғы 8 жылда өсім 26 723 теңгені құрады.

Сондай-ақ аталған кезеңде ең төменгі жалақының өсуі 22 534 теңгені құрағанын атап өткіміз келеді, ол бүгінгі күні 42 500 теңгені құрайды және егер жоғарыда аталған лауазымдық жалақылар міндетті ұстап қалуларды шегермей сомаларда көрсетілгенін ескеретін болсақ, онда С, D блогы санатындағы жұмыскерлердің және жұмысшылардың жалақысының нақты сомасы ең төменгі жалақы сомасынан аз шығып отыр.

Сонымен қатар Еңбекке ақы төлеу жүйесіндегі өзгерулерге сәйкес, 2020 жылғы қаңтардан бастап кәсіпорын қызметкерлерінің А Блогы (Басқарушы персонал), сондай-ақ В блогы (Негізгі персонал) санаттарының жалақысы ұлғайтылды, атап айтқанда лауазымдық жалақының 50% мөлшерінде тіркелген қосымша ақы белгіленді.

Сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органының атына 2019 және 2020 жылдары Кәсіпорын ұжымының атынан төмен жалақы мәселесі бойынша хаттар жіберілгені анықталды.

Баяндалғанның негізінде Кәсіпорнның С, D блогы қызметкерлерінің және жұмысшы санаттарына А және В блогы санаттардағы қызметкерлері сияқты лауазымдық жалақының 50% мөлшерінде тіркелген қосымша ақыны белгілеу

бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз.

## **2. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ**

Мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында, кәсіпорында кәсіби этика кодексі, сондай-ақ өзге де ішкі құжаттар (лауазымдық нұсқаулықтар, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және өзге де ішкі нормативтік құқықтық актілер) қолданылады. Кодекс атқаратын лауазымына қарамастан, Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін басшылық болып табылады, сонымен бірге мүдделер қақтығысын реттеу рәсімдерін реттейді.

Сондай-ақ Кодексте мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген тұлға (Омбудсмен) көзделген. Алайда талдау барысында Кәсіпорында Омбудсмен тағайындалмағаны анықталды. Осыған байланысты мүдделер қақтығысын мониторингтеу және оны реттеу бойынша шараларды қабылдамау тәуекелі туындап тұр.

Талдау барысында 2020 жылы Кәсіпорын 2080 іс-шара ұйымдастырып, оған 323 787 адам қатысқаны, атап айтқанда, 3 жаңа залдың ашылуы, 12 көрме, 2 конференция, 11 дөңгелек үстел, 46 дәріс, 30 сұхбат, 22 бейнедәріс, 141 музей сабақтары, 1 784 экскурсия жұмыстары ұйымдастырғаны анықталды.

Аталған кезеңде Кәсіпорын қызмет көрсету бойынша 111 шарт, ынтымақтастық туралы 3 келісім, уақытша сақтау бойынша 12 шарт жасасты.

2020 жылы Кәсіпорынға 3 824 шетелдік қонақ келді. Олардың қатарында 23 елден: Германия, Ұлыбритания, Италия, Франция, АҚШ, Мексика, ҚХР, Жапония, Үндістан, Сауд Арабиясы, БАӘ, Ресей Федерациясы, Түркия, Польшадан келген ресми делегациялардың мүшелері бар.

2021 жылы Кәсіпорын 43 көрме іс-шарасын ұйымдастырды. Атап айтқанда, 3 жаңа залдың ашылуы ұйымдастырылды.

Аталған кезеңде Кәсіпорын қызмет көрсету бойынша 51 шарт, ынтымақтастық туралы 10 келісім, уақытша сақтау бойынша 11 шарт жасасты.

Есепті кезеңде Кәсіпорынның музейлік заттардың саны 202 220 сақтау бірлігін құрайды. Оның ішінде 160 634 сақтау бірлігі тұрақты сақтауда (негізгі қорда – 111 474 бірлік, ғылыми-қосымша қорда – 49 160 бірлік), ал уақытша қор музейлік заттарының саны – 41 586 бірлік. 2020-2021 жылдары 68 қайырымдылық шарты жасалды.

2020-2021 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде Кәсіпорын қызметінде қызметкерлердің лауазымдық функцияларын орындау кезінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Бір жағынан ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар, екінші жағынан жоспарланған көрсеткіштер арасындағы қайшылықтардың болуы, реттеуші және бақылау функциялары арасындағы қайшылықтардың болуы, сондай - ақ талдау барысында Кәсіпорынның алқалы органдарының қызметін реттейтін ішкі құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы анықталмады.

Баяндалғанға байланысты, мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шаралар қабылдау мақсатында Кәсіпорынның кәсіби этика Кодексіне сәйкес мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелетін адамды (Омбудсмен) тағайындау ұсынылады.

## **3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ**

Кәсіпорын мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

#### **4. РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ**

Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес рұқсат беру функцияларын жүзеге асырумен байланысты емес.

#### **5. БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ**

Кәсіпорынға Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау-қадағалау функциялары берілмеген.

Сонымен бірге, контрагенттермен шарттық жұмыс аясында Кәсіпорында "кәсіпорындағы талап-арыз жұмысының ережелері" қолданылады, онда олардың міндеттемелерінің орындалу барысын бақылау және шарттардың орындалуын бақылау талаптары қарастырылған, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызметті жүргізу кезінде құрылымдық бөлімшелерді бақылау жүзеге асырылады.

#### **6. КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша.**

2020 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, ұжымда салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, сондай-ақ қоғамның Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарына сенімін арттыру мақсатында Кәсіпорында "Адалдық алаңы" жобалық кеңсесі жұмыс істей бастады, жауапты тұлғалар тағайындалды. Келушілерді қабылдау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган тиісті саланың уәкілетті органы болып табылатындықтан, оның атына 2021 жылғы тамыз айында Кәсіпорын хат жолдап, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшені бекіту қажет екендігі көрсетілген, оның негізгі міндеті кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Алайда, бүгінгі таңда тиісті саланың уәкілетті органынан жауап түскен жоқ.

2020-2021 жылдары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде Кәсіпорында карантиндік шектеулерге байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары әзірленбегені, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қолданыстағы талаптары туралы түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілмегені анықталды.

2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақтылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ.

Сондай-ақ, 2020-2021 жылдар кезеңінде Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.



2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз іс-әрекеттер туралы шағымдардың болуы анықталған жоқ.

Баяндалғанның негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесін бекіту бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ «2022 жылға жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын» әзірлеу және бекіту, ол туралы ақпаратты сайтында (kazmuseum.com) орналастыру ұсынылады. Оған қоса Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларының жоспар тармақтарын тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілігін белгілеу ұсынылады.

**Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша.**

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Кәсіпорынның Жарғысына сәйкес бюджетті бекіту, қаржылық қаражатты игеру, Кәсіпорынның бюджеттік және қаржылық қаражатын игеру жөніндегі есептілікті Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп бақылайды.

2020 жылғы Кәсіпорынды қаржыландыру жоспары. Өлшем бірлігі: мың теңге.

№1 Кесте.

Шығыстар атауы	2020 жылға арналған қаржылық жоспар	оның ішінде айлар бойынша				
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Жалақы	635 391	52 949	52 949	52 949	52 949	52 950
Сауықтыру жәрдемақысы	36 295	1 000	1 000	1 500	1 500	4 295
Елден тыс іссапар шығыстары	4 691	250	250	500	600	1 200
Әлеуметтік салық	34 311	2 859	2 859	2 859	2 859	2 860
Әлеуметтік	20 015	1 668	1 668	1 668	1 668	1 668
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	12 707	1 058	1 059	1 059	1 059	1 059
Басқа да салықтар	35 571	8 892			8 893	
Материалдарды сатып алу	98 935	30	5 000	5 000	6 000	91 609
Коммуналдық қызметтер	3 996	333	333	333	333	333
Электр энергиясы	134 779	11 230	11 230	11 231	11 232	11 232
Жылыту	34 421	4 605	4 605	4 606	4 606	4 606
Байланыс қызметтері	8 127	677	677	677	677	677
Ғимараттарды, үй-жайларды ұстауға қызмет көрсету	157 037	22 244	26 647	21 958	19 015	21 958
Өзге де шығыстар	1 468 831	810 364	-66 222	-104 340	11 485	35 458
<b>Жиыны</b>	<b>2 685 107</b>	<b>918 158</b>	<b>42 055</b>	<b>0</b>	<b>122 876</b>	<b>225 735</b>

№2 Кесте.

оның ішінде айлар бойынша						
Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
52 950	52 950	52 949	52 949	52 949	52 949	52 949
6 500	4 151	8 849	1 500	1 500	2 000	2 500
500		200	691	500		
2 860	2 860	2 859	2 859	2 859	2 859	2 859
1 668	1 668	1 668	1 668	1 668	1 668	1 668
1 059	1 059	1 059	1 059	1 059	1 059	1 059
	8 893			8 893		
10 000		10 000	39 162	30 000	-97 866	
333		333	666	333	333	333
11 232		21 377	12 319	11 232	11 232	11 232
436		437	872	4 606	4 606	4 606
677		677	1 354	678	678	678
19 960		16 115	25 279		-38 105	21 966
15 040		2 036	232 570	148 534	209 437	174 469
123 215	71 581	118 559	372 948	264 811	150 850	274 319

Кәсіпорынның 2020 жылғы субсидияларға арналған шығыстарын есептеу.  
Соманың өлшем бірлігі: мың теңге.

Атауы	Жоспарлы кезеңге арналған жоспар 2020 жыл
Барлық кірістер	298 346
Шығындардың барлығы	2 983 453
Оның ішінде:	
Еңбекақы	635 391
Қосымша ақшалай төлемдер	
Өтемақы төлемдері	36 295
Іссапар шығыстары	4 691
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	
ҚҚС қоса	
Акциздер	
Корпоративтік табыс салығы	
Әлеуметтік салық	34 311
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар	20 015
Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары	
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	12 707
Басқа салықтар	35 571
Материалдарды сатып алу	98 935
Негізгі құралдарды сатып алу	
Коммуналдық қызметтер	3 996
Электр энергиясы	134 779
Жылыту	34 421
Байланыс қызметтері	8 127
Көлік қызметтері	
Негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу	
Негізгі құралдарды күрделі жөндеу	
Ғимараттарды, үй-жайларды ұстау, қызмет көрсету	157 037
Өзге де шығыстар	1 468 831

Өз қаражаты есебінен шығыстар	298 346
оның ішінде:	
Жалақы	
Қосымша ақшалай төлемдер Басқа салықтар	134 687
Әлеуметтік салық	7 273
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар	4 243
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	2 694
Басқа салықтар	
Тауарларды сатып алу	18 105
Коммуналдық қызметтер	1 736
Электр энергиясы	19.511
Жылыту	4 708
Ғимараттарды, үй-жайларды ұстау, қызмет көрсету	
Өзге де шығыстар	5 000
Іссапар шығыстары	8 185
Негізгі құралдарды сатып алу	92 204
Шығындардың кірістерден асып кетуі	2 685 107

2021 жылғы Кәсіпорынды қаржыландыру жоспары. Өлшем бірлігі: мың теңге.  
№1 Кесте

Шығыстар атауы	2021 жылға арналған қаржылық жоспар	оның ішінде айлар бойынша				
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Жалақы	637 678	52 993	53 285	53 140	53 140	53 140
Сауықтыру жәрдемақысы	36 320	1 000	1 001	1 500	1 500	4319
Әлеуметтік салық	34 435	2 861	2 877	2 869	2 869	2 869
Социальные отчисления	20 087	1 669	1 678	1 674	1 674	1 674
Әлеуметтік сақтандыру жарналары	12 754	1 059	1 065	1 063	1 063	1 063
Басқа салықтар						
Сатып алу материалдар	31 018	7 754			7 754	
Материалдар сатып алу	56 569	30	2 000	5000	5000	5000
Коммуналдық қызметтер	4 325	360	360	360	360	361
Электр энергиясы	161 889	11 197	11 065	И 034	11 034	11 036
Жылыту	34 921	5 104	4 606	4 606	4 606	436
Байланыс қызметтері	8 092	674	674	674	674	674
Ғимараттарды, үй-жайларды ұстау, қызмет көрсету	314 387	6 793	6 895	22 753	13 953	36 601
Өзге де шығыстар	215 778	34 114	23 694	10 784	44 826	
Жиыны	1 568 253	125 608	109 200	115 457	148 453	141 407

№2 Кесте

оның ішінде айлар бойынша						
Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
53 140	53 140	53 140	53 140	53 140	53 140	53 140
6 500	6 500	6 500	1 500	1 500	2 000	2 500
2 870	2 870	2 870	2 870	2 870	2 870	2 870
1 674	1 674	1 674	1 674	1 674	1 674	1 674
1063	1 063	1063	1 063	1 063	1 063	1 063
	7 755			7 755		
5000	15 007	10 145	4 387	5000		
361	361	361	361	360	360	360
11 036	11 036	11 036	40 305	11 037	11 037	11 036
436	436	437	436	4606	4 606	4 606
674	674	674	675	675	675	675
22 750	35 735	36 308	39 348	38 768	41 235	13 248
6 475	0	5 000	53 455	10 000	1 721	1475
111 979	136 251	129 208	199 214	138 448	120 381	92 647

Кәсіпорынның 2021 жылға арналған кірістері мен шығыстарының сметасы.  
Соманың өлшем бірлігі: мың теңге.

№1 Кесте

Атауы	Жоспар	оның ішінде айлар бойынша				
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Көрмелер саны	2	1			1	
Келушілер саны	249	20	17	18	24	22
Билеттерді сатудан түскен кірістер	174 251	13 956	12 133	12 829	16 495	15 712
Көрмелер өткізуден түскен кірістер						
Өзге де кірістер	0					
Барлық кірістер:	174 251	13 956	12 133	12 829	16 495	15 712
Жыл басындағы ақша қалдығы						
Барлық кірістер:	174 251	13 956	12 133	12 829	16 495	15 712
Жалақы (келісімшарт бойынша төлемді қоса алғанда)	64 844	5 404	5 404	5 403	5 403	5 403
Әлеуметтік салық	3 502	292	292	291	291	292
Әлеуметтік сақтандыру жарналары	2 043	170	170	170	171	171
Міндетті медициналық сақтандыру	1 297	108	108	108	108	108
Тауарларды сатып алу	9 044			27		2 000
Коммуналдық қызметтер	1 422		237	119	118	119
Электр энергиясы	8 466		1 410	706	707	705
Жылыту	3 530		1 008	505	504	

Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар	6 455			5 206		982
Негізгі құралдарды сатып алу	41 809	3 900	1 804	294	5 600	4 900
Өзге де шығыстар	31 839	4 082	1 700		3 593	1 032
Барлық шығыстар:	174 251	13 956	12 133	12 829	16 495	15 712

## №2 Кесте

оның ішінде айлар бойынша						
июнь	июль	август	сентябрь	октябрь	ноябрь	декабрь
18	22	21	32	22	18	15
12 442	15 139	14 357	22 135	15 383	13 376	10 294
12 442	15 139	14 357	22 135	15 383	13 376	10 294
12 442	15 139	14 357	22 135	15 383	13 376	10 294
5 403	5 404	5 404	5 404	5 404	5 404	5 404
292	292	292	292	292	292	292
171	170	170	170	170	170	170
109	108	108	108	108	108	108
4 644		373				2 000
118	119	119	118	119	117	119
705	705	705	705	705	709	704
				504	504	505
		186		81		
450	5041	3 250	15 338		742	490
550	3 300	3 750		10 960	2 370	502
12 442	15 139	14 357	22 135	18 343	10 416	10 294

2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде кәсіпорында бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомалары бойынша аудит, ревизия және қаржылық бақылаудың өзге де шаралары бойынша іс-шаралар жүргізу фактілері анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заңының талаптарын сақтау мақсатында, атап айтқанда Кәсіпорынның есепті кезеңде бюджеттік және қаржы қаражатының жұмсалуды туралы ақпараты gosreestr.kz порталында орналастырылады.

2020-2021 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келмеу, тауар бірлігі үшін бағаның негізсіздігі, тауарлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеу, сатып алуды бәсекелес өнім берушіге қатысты техникалық ерекшеліктерде «ұштау» деп аталатын сипаттамалардың болу, мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою, сатып алу жоспарының мемлекеттік сатып алу порталында уақтылы орналастырылмау фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорынның 2020-2021 жылдардағы талап-арыз жұмысын талдау келесіні көрсетті.

2020 жылға талдау нәтижелері бойынша 20 талап арыз сотқа жолданды, оның 15-і қанағаттандырылды, 5 - і қанағаттандырусыз қалды. 15 талап арыз мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілерін жосықсыз қатысушылар деп тану туралы өтінішімен байланысты.

2021 жылға талдау нәтижелері бойынша 11 талап арыз сотқа жолданды, оның ішінде 2-і - қанағаттандырылды, 7 - қанағаттандырусыз қалдырылды, 2-і - сотта қаралуда. 10 талап арыз мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілерін жосықсыз қатысушылар деп тану туралы өтінішімен байланысты.

Талдау барысында 2021 жылы Нұр-сұлтан қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен «Бірлік» мүгедек-кәсіпкерлер қоғамы" ҚБ 15.04.2021 жылғы өтініші негізінде "JPM GROUP" ЖШС және "Sip Direction" ЖШС әлеуетті жеткізушілерін №5302053-3 Мемлекеттік сатып алуға "Клинингтік қызметтер" ашық конкурс тәсілімен қатысуға жіберу негізділігіне аудиторлық тексеру жүргізілгені анықталды.

07.09.2021 жылғы №179 аудиторлық қорытындыға сәйкес, Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан Мемлекеттік сатып алу қорытындысына әсер еткен бұзушылықтарға жол берді.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының "150-тармағының 1) тармақшасын бұза отырып Кәсіпорын № 5302053-3 конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер "Sip Direction" ЖШС негізсіз жіберілді.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 29-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, егер конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілген болса, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім беруші "JPM GROUP" ЖШС болғандықтан, Кәсіпорынмен "JPM GROUP" ЖШС арасында 41 912 427 теңге сомасын құрайтын 29.03.2021 жылғы №42 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

07.09.2021 жылы Кәсіпорынның атына анықталған бұзушылықтарды жоюға ұйғарымы келіп түсті. Аталған ұйғарымға сәйкес Кәсіпорынға "JPM GROUP" ЖШС шартты бұзу бойынша шаралар қабылдау қажет болды.

07.09.2021 жылғы №179 аудиторлық қорытындымен анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау мақсатында, атап айтқанда "JPM GROUP" ЖШС-мен шартты бұзу үшін Кәсіпорын оның атына тиісті ұсыныспен хат жолданды.

27.09.2021 жылғы № 71 жауапқа сәйкес, "JPM GROUP" ЖШС 07.09.2021 жылғы №179 аудиторлық қорытындымен келіспейтінін, кәсіпорынмен Шартты бұзудан бас тартатынын хабардар етті.

Нұр-сұлтан қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес Нұр-сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына шартты жарамсыз деп тану туралы талап арыз берілді, жауапкер Кәсіпорын болды.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 12 қарашадағы шешімімен талап-арыз шартты жарамсыз деп тану туралы талаптары қанағаттандырусыз қалдырылды.

2020-2021 жылдар кезеңінде шарттың талаптарын тиісінше орындамаған өнім берушілерге қатысты ден қою шараларын уақтылы мен толық қабылдамау фактілері анықталған жоқ.

**Салықтарды және өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша.**

Кәсіпорынның салықтарды және өзге де төлемдерді жинауға байланысты әкімшілік рәсімдері Қазақстан Республикасының «салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық Кодексі) Кодексінің нормаларымен реттеледі.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген және нақты өндіріп алынған салықтардың үлесі нөлге тең. 2021 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша – 7 131 288, 00 теңгеге тең.

Мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша есептілік goszakur.gov.kz, бюджеттік және қаржылық қаражаттың жұмсалуды бойынша есептілік, сондай-ақ мемлекеттік мүлік бойынша ақпарат gosreestr.kz порталдарында орналастырылады. Көрсетілген порталдар мен ондағы ақпарат барлығына қолжетімді.

**Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша.**

Тапсырыс беруші Кәсіпорын болып табылатын жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына және Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алудың бекітілген жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде 199 мемлекеттік сатып алу өткізілді, оның ішінде:

96-баға ұсыныстарын сұрату әдісімен;

Оның ішінде 68 140 802 теңге 40 тиын көлеміндегі 80 баға ұсынысын сұрату.

16 әдіспен өткізілмегендер бойынша 10 688 438 теңге 77 тиын

7-ашық конкурс әдісімен 354 608 525 теңге 67 тиын;

96-бір көзден алу әдісімен тікелей шарт жасасу арқылы 2 257 018 111 теңге 68

тиын.

2020 жыл			
Сатып алу тәсілі		Әдістер саны	Жалпы сомасы
Баға ұсыныстарын сұрау	Баға ұсыныстарын сұрау	80	68140802,4
	Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу	16	10688438,77
Жиыны		96	78829241,17
Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен	Заңның 39-бабы 3-тармағының 3 тармақшасы	3	818979167
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 25 тармақшасы	2	788021

	Заңның 39-бабы 3-тармағының 42 тармақшасы	68	30918391,68
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 45 тармақшасы	10	11218000
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 46 тармақшасы	13	1395169251
Жиыны		96	2257072831
Ашық конкурс	Ашық конкурс	7	354608525,7
Жиыны		7	354608525,7

2021 жылдың 31 қазаны аралығында 116 Мемлекеттік сатып алу өткізілді, оның ішінде:

53-баға ұсыныстарын сұрату әдісімен;

Оның ішінде 26 418 066 теңге 24 тиын құрайтын 41 баға ұсынысын сұрату.

Өткізілмегендер бойынша 12 әдіспен 8 772 260 теңге 00 тиын

9-Ашық конкурс әдісімен

Оның ішінде ашық конкурс 8 әдіспен 221 075 274 теңге 33 тиын;

6 895 302 теңге 00 тиын құрайтын 1 әдіске біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін Конкурс;

54-бір көзден алу әдісімен 191 847 760 теңге 00 тиын тұратын шартты тікелей жасасу арқылы.

2021 жыл			
Сатып алу тәсілі		Әдістер саны	Жалпы сомасы
Баға ұсыныстарын сұрау	Баға ұсыныстарын сұрау	41	26418066,24
	Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу	12	8772260
Жиыны		53	35190326,24
Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен	Заңның 39-бабы 3-тармағының 3 тармақшасы	1	97856
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 25 тармақшасы	3	685442



	Заңның 39-бабы 3-тармағының 42 тармақшасы	34	16828628
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 45 тармақшасы	4	2049400
	Заңның 39-бабы 3-тармағының 46 тармақшасы	12	172186434
Жиыны		54	191847760
Ашық конкурс	Ашық конкурс	8	221075274,3
	Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін Конкурс	1	6895302
Жиыны		9	227970576,3

Көрсетілген мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша 2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде осындай немесе неғұрлым тиімді талаптары бар өзге ұйымдардан ұсыныстар болған кезде бір ұйымдармен шарттарды бірнеше рет жасасу, үлестес компаниялардың болу, контрагенттің өзіне тән емес және әртүрлі бейінді жұмыстарды орындау, контрагентке айыппұл санкцияларының болмау не азайтылу, шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда санкциялар қолданбау, шартты орындау кезеңінде талаптарды елеулі түрде түзету, шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке талап-арызды уақтылы бермеу, контрагенттер шарттық міндеттемелерді бұзған кезде шағымдардан немесе сот талқылауларынан негізсіз бас тарту фактілері анықталмады.

Кәсіпорынның талап-арыз жұмысын жүргізу тәртібін реттеу мақсатында онда тиісті "Талап-арыз жұмысының ережелері" бекітілген.

#### **Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бағыты бойынша.**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Талдау барысында 2020 жылы 27 өтініш келіп түскені анықталды, оның ішінде 20 жеке тұлғалардан (еңбек шарты мерзімінің аяқталуы мәселесі бойынша, ақпарат сұрату, коммерциялық ұсыныстар, өтінішті қараусыз қалдыру туралы, кәсіпорын қызметкерлерінің арасындағы әдепсіз мінез – құлық мәселесі бойынша), сондай-ақ 7 заңды тұлғалардан (коммерциялық ұсыныстар, кәсіпорын қызметкерлерінің Нұр-сұлтан МӘСҚ қызметкерлерімен әдепсіз мінез-құлық мәселесі бойынша, сот шешімін орындау мәселесі бойынша, ұйымдастыру мәселелері бойынша). Барлық өтініштер бойынша заңмен белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар берілді.

2021 жылы барлығы 20 өтініш түсті, оның ішінде 15 жеке тұлғалардан (көрме өткізу мәселесі бойынша, коммерциялық ұсыныстар, ақпарат сұрату), сондай-ақ 4 заңды тұлғалардан (коммерциялық ұсыныстар, кәсіпорын қызметкерлерінің Нұр-

сұлтан МӘСҚ қызметкерлерімен дәрекі мінез-құлық мәселесі бойынша, ақпарат сұрату, ұйымдастыру мәселелері бойынша). Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақыны көтеру мәселесі бойынша ұжымдық үндеуі – 1. Барлық өтініштер бойынша заңда белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар берілді.

Талдау барысында Кәсіпорынға жүгінудің ыңғайлылығы үшін, хат-хабарлары апта сайын жиналатын келушілерге арналған өтініштер жәшігі орнатылғаны анықталды. Бұдан басқа, азаматтардың өтініш беру құқықтарын кеңейту, сондай-ақ өтініш беру тәсілін оңайлату мақсатында Кәсіпорында Doculite және E-otinish сервистері қолжетімді.

Талдау барысында "Кәсіпорынның құжаттамасын жүргізу және құжаттаманы басқару ережелері" бар екендігі анықталды. Алайда, аталған Ереженің нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен өзектендіруді талап етеді.

Осыған байланысты қолданыстағы "Кәсіпорынның құжаттамасын жүргізу және құжаттаманы басқару ережелерін" Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес келтіруді ұсынамыз.

**Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша.**

2020-2021 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңінде сатып алу жоспары мен бюджет және қаржы қаражатын игеру туралы ақпаратты толық және уақтылы жарияламау фактілері анықталған жоқ.

Талдау барысында Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу жоспарлары goszakur.gov.kz порталында орналастырылмағаны анықталды. Алайда, "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заңның және Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" қағидаларының талаптарын сақтау мақсатында мемлекеттік сатып алу жоспарлары мен олар бойынша есептілікті кәсіпорынның сайтында (kazmuseum.com) орналастыру ұсынылады.

Қоғамдық қызығушылық тудыратын: бюджет қаражатын, жылжымайтын мүлікті, жер учаскелерін бөлу, объектілерді пайдалануға қабылдау және т.б. мәселелер бойынша шешім қабылдау функциялары Кәсіпорынға берілмеген.

## **АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына:

1. Ішкі талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша шаралар қабылдансын;

2. Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды жұмысқа қабылдауға жол бермеу бөлігінде бақылауды күшейтілсін;

3. Кәсіпорынға жұмысқа үміткерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттылығы бар-жоғын тұрақты тексеруді қамтамасыз етсін.

4. Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелетін адамды (Омбудсмен) тағайындалсын;


5. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшесін бекіту шараларын қабылдау;

6. Жоспар тармақтарын тиісінше орындамағаны үшін Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларының дербес жауапкершілігін белгілей отырып, "2022 жылға арналған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары" әзірленіп бекітілсін. Жоспар туралы ақпаратты Кәсіпорынның сайтында (kazmuseum.com) орналастырылсын;

7. Қолданыстағы "Кәсіпорынның құжаттамасын жүргізу және құжаттаманы басқару ережелері" Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкестендірілсін;


8. Кәсіпорынның сайтында (kazmuseum.com) мемлекеттік сатып алу жоспары және ол бойынша есептілік орналастырылсын;


9. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша осы ұсынымдардың орындалуына мониторингті жүзеге асырып Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне есептік ақпарат берсін.


Жұмыс тобының жетекшісі  А.К. Сатубалдин

Жұмыс тобының мүшелері:

1.  Ж.Е. Алькенова

2.  Р.М. Мукатаева

3.  Т.М. Ибрагимов

4.  Т.Д. Бексеитов

Жұмыс тобының хатшысы  А.Т. Сайын